



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№ 38 (398) 8 - 16 қазан, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Ақжолтай хабар

ЕГИПЕТТЕ АБАЙҒА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Бүгінде күллі жаһан жұртшылығы Тәуелсіз қазақ елін дана Абай арқылы да таниды. Достастық қарым-қатынасымыз нығайған бірқатар мемлекеттердің өз астаналарынан хакімге арнап ескерткіш орнатуы соның бір дәлелі болса керек. Жақында сонау теріскей Африкадан күллі қазақ халқын һәм Абай ауданының тұрғындарын марқайтқан ақжолтай хабар жетті. Әлемдік ой алыбына ендігі аралықта Египет араб республикасының астанасы, тарихи қала Каир шаһарының төрінен ескерткіш ашылды. Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі арнайы ақпарат таратты.

Қазақ ақынның ескерткішін ашуға Мысыр астанасының басшылығы бастамашы болуда. Анығырақ тоқталсақ, хакім мүсіні Каир қаласындағы «Бостандық және достық» саябағында орнатылады деп жоспарланған.

Осыдан біраз бұрын Қазақстанның Египеттегі өкілетті елшісі Берік Арын мырза Каир қаласының басшысы Ғ.Мұстафа Мұхаммед Саидпен кездесіп, бірқатар мәселелерді бірлесіп талқылапты. Сөз орайында, Каир басшысы Ғ.М.Саид мырза алдағы уақыттары Қазақстанмен қарым-қатынастарын нығайта түсуге ниеттіліктерін

жеткізіп, соның алғашқы көрінісі ретінде, келер жылы Абай Құнанбайұлының ескерткішін ашу туралы келісімге қол қойып, уәдесін берген.

Сонау алыстағы алып пирамидалар елінен жеткен бұл хабар көңілімізді марқайтып тастады. Осы ретте аталмыш бастамаға ықпал жасап отырған ҚР Сыртқы істер министрлігіне, Каир қаласының басшысы Ғ.Мұстафа Мұхаммед Саид мырзаға Абай ауданының әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбековтың атынан, ұлылар елінің атынан зор алғыс білдірмекпіз. Хакім туып-өскен, әлемге үнілген осынау топырақтың әр азаматы абыройлы бұл шараға үлкен қуаныш білдіреді.

Осыған дейін Еуропа мен Азия құрлығының сан қаласында салынған Абай ескерткішінің қазақ фольклорында жиі аталатын, һәм Бейбарыс бастаған бабаларымыз билік құрған Мысыр елінде де ашылуы тарихи тұрғыдан да, бүгінгі мәдени ынтымақтастық тұрғысынан да өте орынды шешім.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ: АҢЫЗ ТАҒЫЛЫМЫ



Облысымызда аймақ басшысы Даниял Ахметовтың бастамасымен үштілділікті дамыту бойынша 2015-2019 оқу жылдарына арналған кешенді жоспар әзірленген болатын. Білім беру де жаңа сатыға көтеретін аталмыш бағыттың мақсаты ауқымды. Атап айтсақ, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытуда оқушылардың тілдік-коммуникативтік күзиреттіліктерін дамытуға қажетті ыңдамастырушылық, әдістемелік, педагогикалық жағдай қалыптастырады. Бұл ретте жер-жерлерде түрлі әдістемелік негізде ұйымдастырылып жатқан шара облысымызда да жаңашыл қырынан көрініс табуда.

Осы орайда, бұл жаңашыл үрдіске алғашқы болып үн қосқандардың қатарында Медеу орта мектебінің ұстаздары да болды. Аталмыш білім ордасының педагогикалық құрамы қазан айының 7-сі күні үш тілді оқытатын пәндерден бөлек тарих, география, әдебиет пәндерін үйлестірген саяхат сабағын өткізді.

Мектеп ұжымынан құрылған экспедиция мүшелері көрнекті тарихи тұлға, Ай-дос бабамыздың бәйбішесі, ұлы Абайдың төртінші анасы, төрт ұлы төрт рулы ел болып тараған Айпара ананың мазарын зиярат етті. Әуелі дәстүрімізге сай Құран сүрелері оқылып, дұға бағышталып, соңынан танымдық сағат басталды.

Жаңашыл мұғалімдер Б.А.Омарбекова, Ә.Б.Рамазанова, А.Қ.Боранжанова өткізген бұл ерекше дәріске мектептің 9,10,11-ші сынып оқушылары қатысты. Бірнеше бөлімнен тұратын сабақта ұстаздар мен оқушылардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сәлемдесуі, одан кейін ана туралы афоризмдер мен даналардың ой-толғамдары айтылды. Һәм ана тақырыбындағы оқушылардың шығармашылығы таныстырылды.

Сондай-ақ, ұстаздар қауымы Айпара ана туралы тағылымды мәліметтерді үш тілде бөлісіп, түрлі суреттер мен әр тілде жазылған нақыл сөздерді көрнекілік ретінде ұсынды.

Әдістемелік тұрғыдан баға берер болсақ, саяхат сабақ барысында оқушылардың тақырыпты меңгеруде ынтасы артып, қызығушылығы ояңғаны байқалыпты. Олар дәріс барысында өз аналарының мінезін бір сөзбен үш тілде бейнелеп, Айпара анаға арналып жазылған жергілікті ақын-жазушылар туындыларынан үзінділер оқыды.

Бұл сабақ барысын қадағалауға, қонақ ретінде қатысуға аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Гүлмира Шәйкенқызы, Медеу ауылының әкімі Дарын Мұхтарұлы, Медеу орта мектебінің директоры Ербұлан Зекешұлы, Серікқазы Әлиұлы келген болатын. Сырт көз меймандар осынау пәнаралық сабаққа жоғары бағаларын беріп, мектеп ұжымына тың табыстар тіледі.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

АЙТУАР ОСПАНОВ: «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЕСКЕРТКІШІ – ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ ҚАЛАҚҰРАУШЫ ТІРЕГІ



Көптен аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізгелі еліміздің тынысы күрт өзгерген болатын. Күнделікті өмірдің барысы ауысып қана қоймай, қазақстандық қалалардың сәулеттік келбетінің ажары да ашыла түскендей. Егемендіктің 25-жылдығы ішінде жаңа, бір-біріне ұқсамайтын сансыз ғимараттар тұрғызылып қана қоймай, пайда болған бірегей ескерткіштердің де нақты есебін айту қиын. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Орталық аймақ бойынша ҚР Архитекторлар одағының вице-президенті, Құрметті архитектор Айтүар Оспанов егемен Қазақстанның символына айналған архитектуралық жәдігерлердің бірі болып табылатын «Мәңгілік Ел» ескерткіші туралы пікірін білдірді.

Халық арасында «Салтанат қақпасы» ретінде кеңінен танымал «Мәңгілік ел» ескерткішінің ресми ашылуы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі 20-шы мерейтойының қарсаңында 2011 жылғы 16 желтоқсанда Астанада өтті. Бүгінгі таңда бұл архитектуралық құрылым елордамыздың басты көрікті жерлерінің біріне айналды.

«Жалпы, Салтанат қақпасы – салтанатты безендірілген үлкен қақпа түрінде салынатын архитектуралық ескерткіштердің бір түрі. Салтанатты қақпаларды жеңімпаздардың құрметіне немесе белгілі бір маңызды жағдайларға орайластырылып, қалаға кірер жерде, көше соңында, көпірлерде, не болмаса үлкен жолдардың үстінде салады. Алғаш рет бұндай қақпа Ежелгі Римде жеңімпазды салтанатты түрде қарсы алу рәсімі үшін салынса, қазіргі уақытта бұл құрылымды Еуропаның туристтер ең көп баратын көрікті қалалары – Париж, Мәскеу, Барселона, Берлинде көруге болады. Бүгінгі таңда

«Мәңгілік ел» ескерткіші Астананың қалақұраушы тірегіне айналды», - деді Айтүар Оспанов.

Архитектуралық тұрғыдан алғанда, астаналық Салтанат қақпасын орындаудың символикалық мәні зор. Қақпаның биіктігі – 20 метр – Тәуелсіздіктің 20-жылдығының символы. Қақпаның әр жағында өзіне тән ерекшеліктер бар. Олар адамның қай жерден, яғни әуежайдан қалаға кірер жерде немесе, керісінше, қаладан шығып келе жатқанына байланысты әр түрлі болып көрінеді.

Ескерткіштің толық архитектуралық келбеті ұлттық тарихымыз бен қазақ халқының дәстүрлері туралы баяндайды. Бұл жерде халқымыз ежелден құрметтеп келе жатқан қасиеттер – даналық ақсақал кейпінде, ал Отанға деген сүйіспеншілік Әйел-Ана образында жасалса, батылдық ортағасырлық батыр және заманауи жауынгер түрінде сомдалды. Салтанат қақпасының архитектуралық құрылымында бай ұлттық мәдениетіміздің символы ретінде ұлттық оюлар мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде орнатылған тайқазанның көшірмелері де орын тапты. Түркітілдес халықтар үшін «тайказан» бірлік, қонақжайлық пен молшылықты сипаттайтын терең мағынаға ие екендігі баршамызға мәлім.

«Мен аталмыш жоба авторларының бірі Сағындық Ысмайылұлы Жамбулатовтың шығармашылығымен жақсы таныспын. Ол жобаларын ұлттық сәулет стилінде жүзеге асырады. Оның жұмыстары, соның ішінде Бейбарыс Сұлтан мешітін қалпына келтіру жобасы, Қазақстан археология музейі, халықтың ілтипатына ие болып қана қоймай, халықаралық жұлделер, Гран-при, дипломдармен марапатталды», - деп сөзін жалғастырды Айтүар Кенжеғараұлы.

«Сағындық Жамбулатовпен Астананың Жеңіс даңғылында орналасқан бұрынғы музыкалық училищенің ғимаратын Музыкалық академияға қайта келтіру жобасында қоян-қолтық жұмыс істеген болатынбыз. Қазіргі уақытта ол Қазақ ұлттық өнер университетінің Орган залы. Сонымен қатар, елордамыздың «Нұр-Астана» және «Әзірет Сұлтан» мешіттерінің интерьерін жасау бойынша жобаларды да бірлесе жүзеге асырғанбыз. Бұл жұмыс қиын болғанымен, бірақ уақыт көрсеткендей, өте табысты болып шықты», - деп сөзін аяқтады архитектор.

НӨМІРДІҢ
АҢДАТПАСЫ

СЕРІКҚАЗЫ АЗЫМБАЕВ:
ҚАУЫМДЫҚ СЕЙІМДІК
ҚАҒАЗДЫҢ ДАМУЫ



4 - бет

ЖҮЗІМДІК СҮЛТІМДІК -
САРЖАЛДЫҚ СЕРІ



5 - бет

КӨРМЕДЕ - АУДАҚ ДАМУЫ
ҮЛЕС ҚОСҚАҢДАР



8 - бет

ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО ЭТИКЕ

В Усть-Каменогорске состоялось очередное заседание Совета по этике Министерства по делам государственной службы РК в Восточно-Казахстанской области под председательством ТоктамысКадошевичЖумагулова, на котором рассмотрено 6 дисциплинарных дел.

В ходе заседания рассмотрено дисциплинарное дело в отношении руководителя ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог ВКО» БейсекеноваБерикаСарсенбековича и его заместителя Ахметова ДанияраДуйсенбиновича.

Дисциплинарные дела в отношении Бейсекенова Б.С. и Ахметова Д.Д. возбуждены по результатам внеплановой проверки, проведенной по жалобе директора ТОО «Таксомоторный парк» Ширяева А.М. о неправомерных действиях должностных лиц ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог ВКО» при проведении конкурса и подведении итогов на право обслуживания междугородних автобусных маршрутов по ВКО, в частности лоту №18 (маршрут «Усть-Каменогорск - Семей») и лоту №21 (маршрут «Семей-Усть-Каменогорск через Шульбинск»), имевшего место в период с 30 октября 2015 года (объявление конкурса) по 21 декабря 2015 года (итоговый протокол конкурсной комиссии).

В частности, по результатам проведенного Управлением, согласно Правил перевозок пассажиров и багажа автомобильным транспортом, утвержденного приказом и.о.Министра по инвестициям и развитию РК от 26.03.2015г. №349 конкурса по лотам №18 и №21 победителем был признан ТОО «Автопассажиртранс», с которым 25 декабря 2015 года Управлением были заключены договоры за №042 и №045 соответственно.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Восточно-Казахстанского областного суда от 24 марта 2016 года указанное выше решение суда первой инстанции было отменено и по данному гражданскому делу принято новое решение, которым ранее заключенные между Управлением и ТОО «Автопассажиртранс» признаны недействительными.

Постановлением Верховного суда РК от 06 июня 2016 года в передаче ходатайства о пересмотре решения суда апелляционной инстанции и об отмене частного определения этого же суда отказано, в связи с отсутствием оснований для их пересмотра.

Принимая во внимание, что Управлением вышеуказанные договоры отменены и назначен новый конкурс на право обслуживания автоперевозками по указанным маршрутам в соответствии с п.183 Правил Совет по этике в ВКО своим решением рекомендовало привлечь руководителя Управления Бейсекенова Б.С. и его заместителя Ахметова Д.Д. к дисциплинарной ответственности в виде строгого выговора, по признакам дисциплинарного проступка, предусмотренного в п.1 ст.44 Закона РК «О государственной службе РК» от 23.11.2015г., как ненадлежащее выполнение возложенных обязанностей

Следующее дисциплинарное дело рассмотрено в отношении руководителя в отношении руководителя ГУ «Управление строительства, архитектуры и градостроительства ВКО» ОтарбаеваМадиджангельдиевича и его заместителя МуканКанатБолатұлы

Дисциплинарные дела в отношении Отарбаева М.Ж. и Мукан К.Б. возбуждены по результатам внеплановой проверки, проведенной по жалобе директора Палаты предпринимателей Шацкий И.В. в интересах ТОО «Востокагропромпроект» о неправомерных действиях должностных лиц Управления, при проведении и подведения конкурса электронных государственных закупок по лотам №№826335, 826358, 826352, 826410, 826420 о закупке работ инженерного проектирования: Привязка типового проекта ТП РК-240 ОДВО (IV, IIV, IIIV, IVT)-7C-2.2-2012 Детский сад на 240 мест.

По результатам проведенного Управлением, согласно Правил проведения электронных государственных закупок, утвержденных приказом Министра финансов РК от 23.06.2015г. №378 и Правил проведения электронных государственных закупок, утвержденных Постановлением Правительства РК от 15.05.2012г. №623 и на основании протоколов об итогах конкурса от 07.12.2015г. по вышеуказанным лотам победителями признаны ТОО «Проектно-изыскательский институт «Семстройпроект» и ТОО «Востокоблпроект», с которыми Управлением 08 декабря 2015 года были заключены договора на проведение инженерных работ по проектированию зданий.

Постановлениями судебной коллегии по гражданским делам ВКО суда от 05.04.2016г. и от 26.04.2016г., заключенные между Управ-

лением и ТОО «Востокоблпроект», между Управлением и ТОО «Проектно-изыскательский институт «Семстройпроект» договора признаны недействительными.

Как установлено судом, единственным основанием отклонения заявки ТОО «Востокагропромпроект» в соответствии с протоколом предварительного допуска от 02.12.2015г. явилось отсутствие справки об отсутствии задолженности с АО «Евразийский банк», клиентом которого он не являлся, счет в этом банке был закрыт в феврале 2014 года.

Постановлениями специализированного административного суда г.Усть-КаменогорскОтарбаев М.Ж. привлечен к административной ответственности по статье 207 частью 6 и 9 КоАП и повергнут административному взысканию в виде штрафа в размере 700 МРП, Мукан К.Б. повергнут административному взысканию в виде штрафа в размере 100 МРП.

20.09.2016г. Совет по этике в ВКО своим решением рекомендовало привлечь руководителя Управления Отарбаева М.Ж. и его заместителя Мукан К.Б. дисциплинарной ответственности в виде предупреждения о неполном служебном соответствии, по признакам дисциплинарного проступка, дискредитирующего государственную службу, указанные в п.п.4 (оказание неправомерного предпочтения физическим и (или) юридическим лицам при подготовке и принятии решений) п.п.5 (оказание кому бы то ни было любого не предусмотренного законодательством РК содействия в осуществлении предпринимательской и иной связанной с извлечением дохода деятельности)п.1 ст.50 Закона РК «О государственной службе РК» от 23.11.2015г.

Также, было рассмотрено дисциплинарное дело в отношении руководителя ГУ «Управление строительства, архитектуры и градостроительства ВКО» ОтарбаеваМадиджангельдиевича по фактам нарушения норм этического кодекса возбуждено дисциплинарное дело по результатам внеплановой проверки, проведенной по жалобе заместителя руководителя Управления Дырынбаева К.К. и главного специалиста Управления Рахимова Е.О. по фактам неэтического поведения Отарбаева М.Ж.

Факты нарушения норм служебной этики государственных служащих со стороны руководителя Управления Отарбаева М.Ж. нашли свое полное подтверждение, что подтверждается пояснениями сотрудников Управления, которые на момент проверки находились на своих рабочих местах.

20.09.2016г. Совет по этике в ВКО своим решением рекомендовало привлечь руководителя Управления Отарбаева М.Ж. к дисциплинарной ответственности в виде строгого выговора по признакам дисциплинарного проступка, предусмотренного п.2 ст.44 и пп.4), пп.6) и пп.7) п.1 ст.49 Закона Республики Казахстан «О государственной службе Республики Казахстан» от 23.11.2015г., а также пп.2), пп.3), пп.7), пп.11) п.5, пп.1), 2), пп.4) п.8; пп.1), 4), 7) п.9 Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих), утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года.

Кроме того, были рассмотрены дисциплинарные дела в отношении руководителей ГУ «Отдел финансов Шемонахинского района» Сусяковой Ольги Петровны и ГУ «Отдел экономики и бюджетного планирования Шемонахинского района» Самойловой Альбины Мауткановны за нарушения требований Этического кодекса государственных служащих РК, выразившихся в не соблюдении общепринятых морально-этических норм поведения при обращении с индивидуальным предпринимателем Омиразовой М.С., имевшего место 20 июля 2016 года на территории детского летнего лагеря «Кочевник», расположенный в с. Кандыковка, Шемонахинского района.

По итогам рассмотрения Совет рекомендовал акимуШемонахинского района Тохтарову А.Ж. за допущенные нарушения пп. 2), 7), 14) п. 5 требований Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан наложить на вышеуказанных должностных лиц дисциплинарные взыскания в виде «строгий выговор».

Пресс служба Департамента Министерства РК по делам государственной службы по ВКО, 8 /7232/76-51-34 87771522891 Алмагуль Асылгазина

Заң және біз

ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙЛАРДА, АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Біздің еліміздің Конституциясында әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғаларға тегін заң көмегін алуға, құқықтық акпарат беруге мемлекет кепілдік береді.

Мемлекетпен кепілдік берілген заң көмегінің түрлері: құқықтық акпараттандыру, құқықтық кеңес беру, жеке тұлғалардың өкілдігінің мүддесін соттарда қорғау, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда атқарушылық шараларын қабылдаған құжаттарды мәжбүрлі орындау бойынша жеке сот орындаушылармен өндіріп алу туралы, алимент және жалақыны Қазақстан Республикасы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі" Заңда көзделген.

Мемлекет кепілдік берген субъектілерге заң көмегін көрсету:

- мемлекеттік органдар өз қызметі шегінде;
- Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет туралы" Заңында және Қазақстан Республикасы өзге де актілермен;
- Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңы мен нотариустық жағдайларда және төртіппен белгіленген;
- жеке сот орындаушылары жағдайларда және төртіппен Қазақстан Республикасының "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі" туралы Заңында белгіленген.

Адвокаттар мыналарға тегін заң көмегін көрсетеді:

КҮНДЕЛІК.КЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жақында еліміздің барлық мектептері қарапайым қағаз жүзіндегі журналдар және күнделіктерден бас тартатын болады. Қағаз құжаттардың орнына мұғалімдер мен оқушылар Күнделік.кз жүйесін қолданады. Оқу жылы басталғалы облыстың 394 мектебі аталған жүйеге қосылды.

Күнделік.кз дегеніміз не? Бұл білім саласындағы қағазбастылықты жеңілдететін интернет-портал және бұл портал білім саласының төрт бағытына – мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға және мемлекеттік органдарға қызмет етеді.

Күнделік.кз мұғалімдер үшін қосымша мүмкіндіктер беретін қарапайым да түсінікті журнал. Бұл жерде мұғалім бір мезетте үй тапсырмасын бүкіл сыныпқа немесе жеке оқушыға бере алады, кез-келген сабаққа түсінік беріп, қосымша материалдар қоса алады, сонымен қатар кез-келген бетті басып шығара алады. Бұрын қолмен жазылған есептемелер енді автоматты түрде орындалады, барлық мағлұматтар уақтылы жаңарып отырады.

Күнделік жүйесі ата-аналар үшін кез-келген оқуға қатысты акпаратқа қолжетімділік мүмкіндігі. Ата-аналар енді баласының үй тапсырмасын жазбағандығы туралы және күнделікке бағаны қойдырмағандығы жайлы алаңдамайтын болады. Барлық акпаратты онлайн жерге алады, сонымен қатар, өз баласының мінездемесін де оқи алады.

Оқушылар үшін бұл өте ұтымды жүйе болып табылады. Себебі, порталда оқушы сабақ кестесін, үй тапсырмасын, барлық бағаларын, сабақ барысында қолданылған материалдарды, сабақ тақырыбын және мұғалімнің түсініктемесін көре алады. Жүйенің онлайн кітапханасында мектепте оқытылатын барлық шығармалар жинақталған. Медiateкада аудио және бейнефайлдар, презентациялар бар. Әрбір оқушы Күнделік.кз-тегі өз парақшасын портфолиоге айналдырып, өз жетістіктері өзгелерге көрсете алады.

Мемлекеттік орган өкілдері үшін жоба шынайы уақыт тәртібінде негізгі параметрлер бойынша бірқатар статистикалық есептерді алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйеде мұғалім, оқушы және ата-аналарға ресми акпаратпен жаппай жеке хабарламалар жіберуге болады.

Оқу жылы басталғанына бір ай ғана өтсе де,

ЖАППЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МЕКТЕП ФОРМАСЫ

Бүгінгі таңда отандық БАҚ беттерінде мектеп оқушыларының хиджаб (араб елдерінде мұсылман әйелдердің дәжесін жасыру үшін киетін киімі) киюіне қатысты мәселе, қоғамдағы жиі қозғалатын тақырыптардың біріне айналып үлгерді. Әсіресе, хиджаб киген оқушылардың сабаққа қатысудан бас тарту оқиғаларының орын алуы мәселені одан сайын ушықтырған болатын. Аталмыш мәселеге қатысты дінтанушылар, мектеп ұстаздары мен ата-аналар, қузырлы органдардың мамандары әртүрлі пікір айтады.

Сонғы үш-төрт жылдағы қоғам назарына іліккен «хиджаб мәселесі» мектеп басшылығының оқушылардан бірыңғай мектеп формасын талап етуінен туындатты. Мұндағы талап етілген мектеп формасы өр мектептің ішкі жарғысымен бекітіледі. Алайда, бұл талаппен келіспейтін кейбір ата-аналар «Құран мен сүннетте мұсылман әйелдің бүркеңіп жүруі міндеттелген» деп уәж келтіруде.

Осы тұста кейбір азаматтарымыздың еліміздің 25 жылдан бергі зайырлылық ұстанымын әлі де жақсы түсінбейтінігін және құқықтық, діни сауаты төмен екендігін аңғартады.Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп айқын көрсетілген.

Зайырлы Қазақстанда оқушы формасын әр мектеп өз жарғысымен бекітеді. ҚР «Білім туралы» Заңының 43-бабының 3-тармағына сәйкес «ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту

•соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;

•егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, І және ІІ топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;

•алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмектеке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды.

Адвокат бюджет қаражаты есебінен көрсететін заң көмегінің негіздері «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленеді.

Азаматтарға кеңес беру және қабылдау мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 12

Абай аудандық әділет басқармасы

жоба қатысушылары Күнделік.кз жүйесінің артықшылығын байқап үлгеріпті. Мектеп өкімшілігінің қызметкерлері сабақтардың болмай қалуы және ауысуы, оқушылардың сабақ үлгерімдері және қатысуы, тегін мектеп сайтының болу мүмкіндігін, қажетті есептерді құру мүмкіндігін және жылдамдығын, Интернет желісі арқылы кез-келген жерден акпараттың қолжетімділігін атап өтті.

- Сайт қолдануға ыңғайлы, сабақ күндерін енгізуді қажет етпейді, бағдарлама кесте бойынша оны өз қояды. Бағалар түспен боялып тұрады, оқушылардың ортақ арифметикалық бағасын көруге мүмкіндік бар, - деп «Өскемен қаласындағы №23 орта мектептің» КММ оқу ісі бойынша директор орынбасары Дана Бейсембинова өз ойымен бөлісті. - Оқушылардың сабаққа қатысуын және білім сапасын басып шығару мүмкіндігінің болуы мектеп өкімшілігі мен пән мұғалімдерінің есеп беру кезеңіндегі жұмыстарын жеңілдетті. Мұғалім болмаған жағдайда басқа мұғалімді немесе сабақты орнына қою мүмкіндігі бар. «Мұғалімдер бөлмесі» атты арнайы бөлім бар, бұл бөлімде мұғалімдермен кеснуге, әңгімелесуге болады.

«Kundelik.kz» акпараттық жүйесін пилоттық енгізу - бұл білімді акпараттандырудағы маңызды салым. Болашақта осы жүйе педагогтардың статистикалық есеп беру және оқушылардың үлгерім журналын дайындауға қатысты жүктемелерін азайтады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрілігі алдағы уақытқа мектептердегі қағаз бастылықты қысқартып, электронды құжат айналымына көшуді мақсат етіп отырғанын атап өткен жөн. Ол үшін министрліктегі IT-департаменті функционалы күшіне енді, сонымен қатар, ішкі есептілікті қысқарту жұмыстары жүргізілуде. Саналуан есептер мен рейтингтерді құруда педагогтардың жұмысын жеңілдететін автоматты жүйедегі Күнделік.кз жобасын енгізу ҚР білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы №536 «Қазақстан Республикасы Білім беру мекемелерінің оқушылары үшін электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай акпараттық жүйесі» жобасын пилоттық енгізу туралы бұйрығында көрсетілген.

білім беру ұйымдарының құзыретіне кіреді» және 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті». Яғни, оқушылар мектеп басшылығы бекіткен форманы сабақ барысында киюге міндетті болып табылады.

Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 30-бабының 1-тармағына сәйкес «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» деген талап негізінде ҚР азаматтары орта білім алуға міндеттелген. Яғни, қандай уәж болса да, орта білім алудан бас тартуға жол берілмейді.

Дін тұрғысынан да білім алу– парыз. Оны сауатты дін ғұламалары жақсы біледі. Бұл жайында еліміздің сарапшы-дінтанушылары діни ұстаным мен білімді қатар қойғанда білімнің үстемдігін алға тартады.

Бүгінгі жасөспірім Қазақстанның ертеңгі болашағы. Сондықтан Қазақстанның жарқын болашағы жолында кемел парасат пен жоғары руханият негізінде тәрбиеленген білімді ұрпақ өсіру– заман талабы. Руханият саласында асыра сілтеушілікке бой ұруға, білім алудан бас тартуға жол берілмеуі тиіс.Азаматтарымызды қоғам игілігі үшін алға қойылған талаптарды дұрыс түсінуге шақырып, біртөбеткіліктен арашалап қалуымыз шарт.



АБАЙ АУДАНДЫҚ СОТЫ СОТ ӘДІЛЕТТІЛІГІ



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстанның өсіп өркендеуінің кілті-жастарда. Ел дамуының жаңа кезеңі мен тәуелсіздігіміздің үшінші он жылдығында білімді, тәрбиелі, өнегелі жастарды қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміздің өркен жаюының негізі екендігін Елбасымыз айттып өткен болатын. Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы-демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Құқықтық мемлекеттің негізгі атқаратын қызметі қоғамдық өмірдің барлық салаларын заң, әділетті құқық нормасымен ретке келтіру, басқару, қызмет көрсету салаларында заң талаптарын басшылыққа ала отырып, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет ету болып табылады.

Өйткені, құқықтық норма-әділет жолы, адам, қоғам мемлекет мүддесінің үйлестірушісі, заңдылық пен демократияның даму негізі. Еліміздің әрбір азаматы өз құқығын, бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқықтық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы қажет. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие, тәртіп әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс.

Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды

құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі керек. Ол үшін жас ұрпақтарымыз ежелгі қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрып, заңдарын, пайдалы мақал-мәтелдерін, билердің әділ билігін, қоғамда орын алған-қыз айттыру, қыз ұзату, құда түсу, құда сыйлау сияқты дәстүрлерімізді білгені жөн. Қазақ қоғамында өмір сүрген әрбір азамат осы жөн-жобаларды басшылыққа алып, оның қағидаларын құрметтеп, заң талаптарын орындай отырып, даму жолына бет бұрған. Осыған орай жас заңгерлерге кейбір атақты ғұламалардың пікірлерін, билердің әділ тұжырымдарын, салт-сана дәстүрлерін білу-олардың парызы деп санаймын. Нағыз билер «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ»- деген әділетті тұжырымға тоқтаған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұлағатты ұстанымды да билер басшылыққа алған, әділдік пен шындықты, адалдықты пен турашылдықты өз істерінің басты қағидасы ретінде де қарастырған билер. Олар ел татулығын, бірлігін басты назарды ұстаған. Халық арасында «елдестірмек-елшідең, жауластырмақ жаушыдан» немесе «елшісіне қарай елін таны» деген ұлағатты сөздер билердің мемлекетаралық дипломатиялық істермен айналысқанын дәлелдейді.

Е.Е. ӘДІЛБЕКОВ,
Абай аудандық сотының төрағасы

СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАРТТАРДЫ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қабілет қарымын өзінің ғана емес, көптің қажетіне айналдыра білу-тек жақсыға тән қасиет. Ондай жүрегі кең, жаны жомарт жандар қанша қарбалас болса да көпшілікке көмек қолын созып, мейірім төгуден жалықпайды. Білгенін үйретіп, өмірден көргенін өзінен кейінгілерге өнеге ету ақылы, парасаты мол жандар ардың ісі деп біледі. Өйткені, осындай дара, дана тұлғалардың жол сілтеуімен жастар түзу жүріп, катесіз із бастайды, іркіліссіз алға ұмтылады. Жаксылығың болса асырып, жамандығыңды

жасырған нар тұлғалар кейінгі ізін басып келе жатқан жас-тар үшін сарқылмас дария. «Бағаласан-тірі кезде бағала» -деп ақын Мұқағали айтқандай, талай ізгі жолдан өтіп, ізетті ақылымен, парасатты үлгісімен, маңдай тері еңбегімен елжүлі болып жүрген қарттарымыз қандай құрметке болса да лайық.

Осындай қағиданы берік ұстанған сот ұжымы және Абай аудандық сотының төрағасы Е. Әділбеков 1 қазан «Қарттар күні» мерекесіне ауданымыздың ақсақалдарымен кәсіби емес қарт медиаторларды мерекесімен құттықтады.

Сот төрағасы қарттарымызды құттықтау барысында сот саласына қосқан ерен еңбектері үшін алғыс хаттарын табыстап, олар бізге ерқашанда үлгі болып қалатындарын атап өтті. Сонымен бірге, сот ұжымыда мереке иелерін құттықтап ізгі тілек-ниеттерін білдірді.

Іс шара соңында қарттар сот ұжымына өз алғыстарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Р.Е. ОМАРОВ
Абай аудандық сотының судьясы

АЛИМЕНТ ТАЛАП ЕТУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ата-аналардың көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу жөнінде адами және заңдық тұрғыда өз міндеттері бар. Өзінің жаратылысы мен әлеуметтік себептері бойынша міндеттемелердің бұл түрі біздің өмірімізде кең тараған әрі кең қолданылады. Сондықтан, алимент төлеу теориясы мен тәжірибесі ата-аналар мен балалары арасында болатын алименттік қатынастардың ықпалы негізінде құрылады. Көмелеттік жасқа толмаған балаларды күтіп-бағу үшін жолдастарының біреуі сотқа алимент өндіру туралы арызбен жүгінуі мүмкін. Арыз бойынша сот бұйрығы қарызгерді сотқа шақырмастан, жеңілдетілген тәртіпте сот арқылы беріледі. Сот бұйрығы талап етушінің өтініші бойынша шығарылған және орындаушылық құжат ретінде күші бар.

Сот көмелет жасқа толмаған балаларға алимент талап ету туралы талап бойынша тек бұл талап әкелікті орнату, әкелікті (аналық құқығын) даулаумен байланысты болмаған жағдайда ғана сот бұйрығын беруге құқылы.

Сот бұйрығының негізінде, көмелет жасқа толмаған балаларға нақты қаржы сомасындағы алимент талап етілмейді, себебі бұл мәселенің шешімі заңның мұндай талап ету мүмкіндігін жағдайдың болуы немесе жоқтығын тексеру қажеттілігімен байланысты.

С.Ж. ЖАНГЕЛОВ
Абай аудандық сотының бас маманы

2016 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БРИФИНГ ӨТКІЗІЛДІ



06 қазан 2016 жылы Абай аудандық сотының төраға міндетін атқарушы Р.Е. Омаровтың ұйымдастыруымен БАҚ өкілдерімен, сот мамандарының қатысуымен 2016 жылдың тоғыз айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша брифинг өтті.

Іс-шара барысында аудандық соттың төраға м.а. аудандық соттың 9 ай жұмысын қорытындылады. 2016 жылдың 9 айында Абай аудандық сотымен 19 қылмыстық, 172 азаматтық, 130 әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралған, барлығы 321 іс, осы қаралған істердің

51-медиациялық тәртіппен қаралып, медиациялық келісім-шарт негізінде қысқартылған, бұл барлық қаралған істердің 15,8 пайызын құрайды.

Соттың ашықтығын, қолжетімділігін және беделін көтеру мақсатында БАҚ-пен қарым-қатынас бойынша барлығы 251 іс-шара атқарылған, оның ішінде 65 мақала, 5 брифинг, 6 дөңгелек үстел, 25 семинар сабақтары (баспасөз арқылы жария етілген іс-шаралар), 5 халықпен кездесу, 114 радиодан баяндама беріліп, ШҚО сотының ресми сайтына 31 пресс-релиз шыққанына тоқталып өтті.

2016 жылдың 9 айында сот жұмысына қатысты жаңа технологияларды белсенді қолдану үрдісі қалыптасқан. Атап айтқанда: 172 талап арыздың 160-ы «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы түскен, бұл барлық түскен талап арыздардың 93 пайызын құрайды. 130 әкімшілік іс 100 пайыз «Сот кабинеті» электрондық сервисі арқылы түсті. Қаралған барлық 321 істердің 100 пайызы дыбыс-бейнежазба жүйесінің қолданумен қаралған.

Брифинг соңында Төраға БАҚ өкілінің сұрақтарына жауап беріп, брифингке қатысушыларға алғысын жеткізді.

Анар Сәрсенбина,
«Абай елі» газетінің тілшісі

СОТ БҰЙРЫҒЫ

Сот бұйрығы сот актісі болып табылады, оны өндіріп алушының ақшаны өндіріп алу немесе борышкерді және өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз, даусыз талаптар бойынша борышкерден жылжымалы мүлікті талап ету туралы арызды бойынша судья шығарады. Оның атқарушылық құжат күші болады. Сот бұйрығы бойынша өндіріп алу сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Сот бұйрығы нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемелерді орындау туралы, орындау мерзімі жеткен және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, көмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы, жеке тұлғалардан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні және өсімпұлдарды, қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оқуын тоқтатқан не шет мемлекетте оқу орнын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып оралмаған немесе грантты қайтару жөніндегі шартта көзделген міндеттемені бұзған адамдардан мемлекеттік гранттарды өндіріп алу туралы, ауылдық жерге жіберілген жас мамандар шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда олардан мемлекеттік гранттарды, өндіріп алу туралы т.с.с. талаптар бойынша шығарылады.

Сот бұйрығын беру туралы арыз үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында (Салық кодексі) белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж төленеді. Арызды қабылдаудан бас тартылған кезде өндіріп алушы төлеген мемлекеттік баж қайтарылады. Өндіріп алушы төлеген мемлекеттік баж сот бұйрығының күші жойылған кезде қайтарылмайды. Өндіріп алушы борышкерге талап қою ісін жүргізу тәртібімен талап қойған кезде ол төленуге жататын мемлекеттік баж есебіне есептеледі.

Сот бұйрығы ол шығарылғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып, борышкерге тапсырылуға немесе жіберілуіне тиіс. Борышкер мәлімделген талапқа қарсылығын сот бұйрығын шығарған сотқа сот бұйрығының көшірмелерін алған күннен бастап немесе оның шығарылғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы.

Егер борышкерден белгіленген мерзімде мәлімделген талапқа қарсылық келіп түссе не, егер сот бұйрығында құқықтары мен міндеттері қозғалған басқа да адамнан шығарылған сот бұйрығының заң талаптарына сәйкес еместігі туралы арыз келіп түссе, судья сот бұйрығының күшін жояды.

Х.Н. ҚУАНДЫҚ,
Абай аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

АНЫҚТАМА

Абай аудандық сотының төрағасы Е.Е. Әділбеков сот мамандарына 27 қыркүйек 2016 жылы «Сот актілерін «ТӨРЕЛІК» бағдарламасына уақытылы енгізу» тақырыбында семинар сабақ өткізді.

Абай аудандық сотының судьясы Р.Е. Омаров сот мамандарына 06 қазан 2016 жылы «Мемлекеттік тілді құрметтеу» тақырыбында семинар сабақ өткізді.

Абай аудандық сотының баспасөз қызметі

19 қазан - Төтенше жағдайлар қызметі күні

СЕРІКЖАН АЗАМБАЕВ: ҚАУІПТІ СЕЙІЛТУДЕ ҚАТЕРГЕ ДЕ БАС ТІГЕМІЗ

Ел Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы №2541 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша Мемлекеттік комитетінің құрылуына байланысты ҚР Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен 19 қазан аталмыш қызметтің құрылған күні болып жарияланды. Ал елімізде төтенше жағдайлар кезінде халыққа жедел де қарымды түрде көмек көрсете алатын бірден-бір мекеме - төтенше жағдайлар бөлімі. Бұл ретте Абай ауданындағы аталмыш бөлімнің алдына қойған мақсат-міндеттері төтенше жағдайлардың алдын алу; тұрғындарды оқис жағдайларға дайындау мақсатында семинар, тренингтер өткізу және басқа да жобаларды жүзеге асыру; төтенше жағдайлар кезінде халыққа көмек көрсету болып табылады. Осы орайда аудан, ауыл тұрғындарын төтенше жағдайларға дайындау мақсатындағы арнайы бағдарлама іске асырылады. Бағдарлама аясында тренингтер өткізіледі, ал арнайы дайындықтарға қаншама адам қатысады. Оларға төтенше оқиғалар кезінде қандай әрекеттер жасау керектігі; қайғылы жағдайлардың алдын алу жолдары, алғашқы көмек көрсету әдістері үйретіледі, басқа да әртүрлі акциялар ұйымдастырылады.

Акцияның негізгі мақсаты - ақпараттық материалдар тарату арқылы халықтың төтенше жағдайларға дайындығын арттыру, һәм сондай сәттерде дұрыс шешім қабылдауға, яғни, нақты іс-әрекеттерге үйрету.

Бөлімнің негізгі міндеттеріне тоқталып өтсек, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мемлекеттік жүйесінің қызмет етуін әрі одан ары дамуын қамтамасыз етуді Абай ауданы бойынша іске асыру.

Осынау жылдарда аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жергілікті атқарушы билікпен қоян-қолтық байланыс орнатып, аудан әкімінің қолдауымен бірқатар ауқымды шараларды жүзеге асырып келеді. Аз уақыт ішінде Кенжебек Қатпенов басшылық ететін ұжым төтенше жағдайлардың алдын алуда аудан тұрғындарының көңілінен шығып үлгерді.

Өртті бақылау, сондай-ақ азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімдері тек тілсіз жаумен күресіп қана қоймай, аудан тұрғындары, мекемелер арасында үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізуде. Сонымен қоса, бөлімде ашық есік күні өтті.

сөндіру техникамыз бар. Яғни, техникалық база жеткілікті. Бір ауыз сөзбен айтқанда құлшыныспен жұмыс істеуге мол мүмкіндік бар.

«Байқауымызша бөлімдеріңіз жаңа қызметкерлермен толыққан сыңайлы...»


«Онымыз рас. Кейінгі жастар алдыңғы толқын ағаларының ізін басып жатыр. Сөз орайында айта кеткен жөн, осы мекемеде бұрынғы жылдары басшы болған Мұсабаев Қарамырза, Төләутай Төлеханов, Жүнісов Сайлаубек, Құлшыманов Кеңес, Мұсаханов Дәулетхан, Қарипов Рахат, 2000 жылдардың басынан басшылық еткен Кулиқенов Қалибек, Катпенов Кенжебек, тағы басқа ағаларымыздың өмірі, еңбек жолы бізге үлгі-өнеге іспетті.

Сондай-ақ кейінгі жылдары қызмет еткен Слямбеков Аламаз, Мамажай Руслан, Қалдыров Азамат, Орымбай Бақытбек, Мұқанбаев Сәбит, Жапалов Шалқар, Балтабеков Еркін, Оразалин Бақытбек, Қайролла Самат, Белібаев Руслан, Айтмурзин Ербол сынды ардагер ағалардың да есімдері жадымызда жаттаулы. Енді, кейінгі толқын жастарға келсек, расында да өзіңіз көріп отырғаныңыздай, 2013-2016 жылдары Төтенше жағдайлар бөлімі жас қызметкерлермен жасақталды. Атап айтсақ, аға инженер, аға лейтенант Ардақұлы Рауан 2014 жылы келген жас маман, 49-ӨСБ бастығы аға лейтенант Базан Мейір де 2015 жылы өз жұмысын бастады.

Сондай-ақ, 2016 жылы бөлімге келген жаңа есімдермен таныстырып өтсем, олар 49-ӨСБ бастығының орынбасары лейтенант Төкенов Асхат жас та болса өз істеріне мығым, тыңғылықты іс атқаратын жігіттер. Бұған қоса бөлімше бастығы сержант Тұрғанбаев Олжас, Оразов Заңғар, Мақсұтбаев Ернар, Қыдырмин Айбек, Камалов Тілеуғабұл, Бөгенбаев Мерей, Дінсәлемов Нұрсұлтан, Қалдыров Ернұр, Нысанбеков Серікбол, Құлшыбеков Батырбек сынды арнайы мамандығы бар жастармен толығып отыр.

Алғашқы қызметтерін осы бөлімнен бастаған жас мамандарымызға әрдайым зор сенім арта аламын. Ал Дәурен Тұрғали, Құмар Марат сынды бұрыннан қызмет етіп келе жатқан мамандар есімі аудан жұртшылығына етене таныс.

«Ата-бабаларымыз «тілсіз жау» санатына жатқызған қауіп-қатердің бірі – өрт. Өрт – қобіне»



қатаң сақтағанымыз жөн.

««Сақтансаң сақтаймын» деген емес пе, бөлім қызметкерлері бұл тарапта қандай іс-шараларды жүзеге асыруда?»

«Төтенше жағдайлардың алдын алу және төтенше жағдайлар кезінде халыққа қызмет көрсетуді өздерінің басты міндеті санайтын мұндағы қызметкерлердің барлығы жауапкершілікті бірінші кезекте алға қойған. Олар күнделікті өмірлерін практикалық тұрғыда жаттығулар жасап, дайындықтар жасаумен ұштастырып отырады. Мәселен, жеке тұрғын үй секторында өрт шығу жағдайларын азайту мақсатында және Төтенше жағдайлар департаментінің жылдық жоспарына сәйкес, тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілді. Онда бөлім қызметкерлері Жергілікті атқарушы органдармен бірігіп, тұрғындар арасында «От жағатын пештерді салуда және пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі», «Түтіннен улану себептері», «Ашық алаңдағы өрт», «Құрғақтық» тақырыптарына арналған жиындар өткізді.

Бөлім мек-



Келушілер ТЖ бөліміне келіп, техникамен, жабдықтармен, құтқарушылардың жұмысымен таныса алады. Айта кететін тағы бір жайт, ауылдық округтерде өрттен құтқарушы ерікті жасақтар құрылып, басқарма жұмысының оңға басуына өз ықпалын тигізуде.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқарма жұмысы туралы аталмыш бөлімнің бастығы, азаматтық қорғау майоры Азамбаев Серікжан Думанұлына арнайы жолығып сұхбаттасқан едік.

«Серікжан Думанұлы, бөлімдеріңіз қашан құрылды, атқаратын негізгі міндеттерімен таныстырып өтсеңіз?»

«Арыдан бастар болсақ, 1995 жылы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша Мемлекеттік комитеті болды. 2004 жылы сәуір айында өртке қарсы қызметі екі мекеме болып бөлінді. Олар Абай аудандық өртті бақылау, қадағалау және №49 өрт сөндіру бөлімдері болып жаңадан құрылды. Ал 2004 жылы сәуір айынан бастап Абай аудандық өртті бақылау, қадағалау бөлімінің бастығы болып Қатпенов Кенжебек Мәденұлы тағайындалды. 2005 жылы шілде айында Абай аудандық өртті бақылау, қадағалау бөліміне кіші сержант шенімен инспектор болып Қуаныш Сембайұлы Ризин тағайындалып, осы жылы бастықтың орынбасары қызметіне көтерілсе, 2006 жылы басшы болып тағайындалды. 2010 жылдың сәуір айында Қарамурзин Ернар Серікжанұлы өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасарлығына тағайындалса, біраз жылдар басшы болған Есмағанбетов Роллан Нұрланұлы да жемісті еңбек етті.

Одан кейінгі басшылықтың тізгінін ұстаған Ернар Қарамурзин мен Орман Түсіпбердінің де еңбектері де айтарлықтай зор десек болады. Ал ағымдағы жылдан бастап осынау жауапты қызметке тағайындалдым. Осылайша бұрынғы өртке қарсы қызмет бөлімі 2008 жылдан бастап Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі болып қайта құрылған болатын. Бүгінгі күні бөлімде үш адам жұмыс істейді. Бірі мен және бас маман майор Тұрғали Дәурен, аға инженер Ардақұлы Рауан деген азаматтар.

Төтенше жағдайлар бөлімінің бір саласы №49 өрт сөндіру бөлімі кілең жігіттерден құралған. Бұл бөлімді бір-бірімен ажыратуға өсте болмайды.

Бөлім бастығы аға лейтенант Мейір Базанұлы, оның орынбасары Асхат Төкенов және ұжым қызметкерлерімен қандай жағдай болмасын бірлесе қызмет атқарамыз. Негізгі қызметіміз - төтенше жағдайларды үйлестіру болып табылады. Ал жалпы бұл бөлімде 16 адам қызмет атқарады. 4 өрт

адамдардың өз жауапсыздықтары мен абайсыздықтарынан орын алып жататыны белгілі. Осы ретте, ағымдағы жылы ауданда өртке байланысты орын алған оқиғаларды айтып өтсеңіз?

«Онымыз рас, биылғы жыл біздің бөлім үшін ең жауапты жыл болды. Тұрғын жайлардың басым бөлігін жеке тұрғын үйлер құрайтындықтан, әрі пешпен жылытылатындықтан өрт шығу оқиғасы жиі орын алып тұрады. Абай ауданы бойынша төтенше жағдайлар бөлімінің құрылғанына 8 жылға жуықтап қалды. Бұл ретте аудан тұрғындары бұл қызметтен тыс қалмайды. Азаматтар өрттің қауіпті екенін білгенмен, оның алдын-алуды, сақтану шараларын көбіне ескере бермейді. Сол себепті Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тарапынан мемлекеттік мекемелер мен жеке тұрғын үй секторында тексерулер жүргізіліп, өрт бақылау саласы бойынша өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ереже талаптарын сақтамаған азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Абай ауданы бойынша тіркелген 8 өрттің бесеуі тұрғын үй секторында тіркелген, бұл тұрғындардың өрт қауіпсіздік ереже талаптарын сақтамағандығынан болып отыр. Анығырақ айтқанда, үш иіс тию, 1 шала жану оқиғасы орын алды. Сондай-ақ 2 адамға найзағай түсті. Біреуі қайтыс болып, бір адам аман қалды. Екі адам жоғалып табылды. Қазір бөлім қызметкерлері үй-үйі, мекемелерді аралап, тұрғындарға өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде ескертпелер мен өрттің алдын-алу шаралары жайында жарнамалар таратып, ақыл-кеңестер беру жұмыстарын жүргізуде.

Арнайы рейдтерге шығамыз, мысалы шөп шабу науқаны кезінде дала өртінің орын алмауын қатаң қадағалаймыз. Тұрғындарға ескертпе мақалаларымыз жергілікті «Абай елі» газетінде тұрақты жарияланып тұрады.

«Өрттің шығуына қобіне-көп қандай жағдайлар себеп болады?»

«Жалпы орын алған өрт оқиғасына басты себеп болған жағдайлардың ішіндегі ең жиі тіркелетіні темекі тарту, ашық отты пайдалану, электрлі құрал-жабдықтарды, от жағатын пештерді пайдалануда техникалық қауіпсіздік шараларының сақталмауы және ата-аналардың қарауынсыз қалған балалардың отпен ойнауы себеп болып отыр.

Дала өрттері де кездеседі. Құтқарушыларымыз дала өрттерін сөндіруде аудан әкімшілігімен, ауылдық азаматтармен жұмыла кірісіп, өрттің өршуінің алдын алуда жан аямай еңбек етіп келе жатыр. Қазақта «ас аман болсын, шыққан шығын әйтеуір орнына оралар» деген сабырлы мінез басым. Дей тұрсақ та, өрттің себебінен адамнан айрылу, түтінге улану, денсаулыққа зақым келу сияқты өкініштердің орын толтыру мүмкін емес болғандықтан, сақтық шараларын

тептермен тығыз байланыста болғандықтан онда өтетін іс-шаралар да жетерлік. Мысалы, бытыр мектептерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сайыстар өткізілді. Бұл биыл да жалғасуда. Арнайы «Ашық есік» күні аясында мекемелер арасында, ауылдық округтерде, мектептерде, емханаларда да өрттің алдын алу тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сақтық шаралары жасалып отырылады. Ауылдық округтерде орын алған өрттерді, қыс мезгілінде жолдарды қар алған жағдайда т.б. төтенше жағдайларды жоюда бірігіп жұмыстар атқарудамыз.

«Бөлім жігіттері қызметтегі жетістіктерінен басқа қай сала бойынша өздерін оң қырынан көрсетіп жүр?»

««Спорт - денсаулық кепілі» демекші, біздің бөлім жігіттері ауданымызда жыл сайын мемлекеттік қызметкерлер арасында өтетін түрлі спорттық жарыстарға белсене қатысады. **«Бәрекелді! Бөлімнің қайта құрылғанына 8 жыл толады екен. Төтенше жағдайлар бөлімінің алдағы жылғы мақсат-міндеттеріне тоқтала кетсеңіз.»**

«Абай аудандық төтенше жағдайлар бөлімі өзіне жүктелген міндеттер бойынша өз жұмысын биыл да нәтижелі жалғастыруда. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында алға қойылған негізгі мақсатымыз: жеке тұрғын үйлер арасында өрт қауіпсіздігін сақтау айлығын жүргізу; үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, жергілікті атқарушы органдар және аудан қызметкерімен бірлесе отырып аудандық командалық-штабтық оқу-жаттығу ойындарына қатысу; тұрғындарға қауіп төндіретін өрттер, жол апаты және басқа да апаттар жайлы алдын ала хабарлар ету жұмыстарын ұйымдастыру, сонымен қатар әлбетте, өрт, қар басу, су тасу мезгіліне т.б. дайындық жұмыстарын пысықтау іс-шараларын жоспарлап отырмыз.

«Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында келіп отырған кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Сұхбат соңындағы бір ауыз тілегіңіз.»

«Өріптестерімді мерекелерімен құттықтаймын. Сонымен бірге осы бөлімде күні бүгінге дейін жемісті еңбек етіп зейнеткерлікке шығып отырған Айтмурзин Ербол мен Белібаев Руслан азаматтарымызды да бөлім атынан мерекесімен құттықтаймыз. Зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұяларына бақыт пен шаттық, бейбіт ғұмыр тілейміз. Төтенше жағдайлар ауданымызда орын алмасын, өріптестеріме төнер қауіп-қатердің алдын алу, жою жолында атқарып жатқан игі қызметтеріне алғысымды білдіре отырып, еңбектеріне жеміс, мол табыс тілеймін. Өрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын дегім келеді.

Сұхбаттасқан Анар СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі».

Аймақтық байқау

ЖІГІТ СҰЛТАНЫ — САРЖАЛДЫҚ СЕРІ



Дана халқымызда ер-жігіт ұғымына үлкен жүк артылады. «Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес», «Жігітте де жігіт бар - азаматы бір бөлек» деген нақыл сөздер осыған дәлел болса керек. Ал жігіттің сұлтаны мен сырттаны деген атаққа білекті де жүректі, өр тұлғалы, ер намысты, сөзі мірдің оғындай, батырлығы көз сүйсіндірер оғандарымыз ғана тең келеді. Бұл көркем сипаттау әрине, кешегі ел іргесін ат үстінде, найза ұшында жүріп қорғаған батыр бабаларымыз бен сырбаз да сыршыл сал-серілерімізге тән қасиет екені хақ. Ал, сол серілеріміздің бүгінгі сарқытындай болған ұландарымыздың бойынан осындай асыл қасиеттер табыла ала ма? Міне, осы мақсатта Шыңғыстаудың шымыр ұландары арасында жылма-жыл серілер сайысы ұйымдастырылып, білек күштерімен қатар білімділіктерін сынаған жігіт сұлтаны сайысы өткізіліп келеді.

Биылғы жылы бұл бәсі басым бәсекенің ауқымы аудандық деңгеймен шектелмей, облыстық көлемде айшықтала түсті. Себебі, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткізілген облыстық байқау әсіресе жастар саясатын насихаттауда, өскелең буынды ұлтжандылыққа бағыттау мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде берері мол бастамалардың бірі десек артық айтқандық емес.

Қазан айының 13 жұлдызында ауданның орталық стадионында бастау алған білектілер сайысына Жарма, Ұлан, Күршім, Аягөз аудандарының намысын арқалай келген сырбаз серілер мен Қарауыл, Құндызды ауылы, Қасқабулақ, Көкбай, Архат ауылдары, Тоқтамыс және Саржал ауылының жүректі жігіттері бекзаттық үлгіде, ұлттық нақышта киініп, жетектеріне тазы иттерін ертіп, жүйрік шабандоздарын ерттеп, сақадай сайланып келген екен. Серілердің бойынан бір мін таппадық. Десек те, сайыс барысында жігіттердің қарым-қабілеттері айқындалып жатты.

Алдымен стадион төрінде орын алған ұлттық ойындар барысында оғандарымыз жүректіліктері мен білек күштерін сынатты. Ал, түс ауа бекзаттарымыз мәдениет үйінде сан қырлы өнерлерімен қазылар алқасының сараптауына түсті.

Алдымен көпшілік алдында ашылу салтанаты орын алып, сайдың тасындай сән құраған серілеріміз рет-ретімен таныстырылып өтісімен, көрермен аудан әкімі Тұрсынғазы



Мүсәпірбековтың ыстық лебізіне құлақ түрді. Облыстық көлемде қолдау танытылып, аудан төрінде ұйымдастырылып отырған намыстылар додасын ашық деп жариялаған аудан басшысы сәйгүліктерін ерттеген сайыскерлерге сәттілік тілесті.

Осыдан соң байқауға төрелік жасар әділ-қазылар құрамы таныстырылып өтті. Қазылар қатарында ШҚО ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Есимбекова Арайлым, «Нұр Отан» партиясы ШҚО филиалы саяси жұмыстар бөлімінің кеңесшісі Рамазанов Сымбат, Абай аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов, «Нұр Сана» қоғамдық ұйымының төрайымы Қаныша Нұрғалиева және Абай халық театрының

бас режиссері Дулат Қабдолдин болды.

«Ер жігітті тұлпар үстінде таны» деген бар. Қатысушыларды ең алдымен ат үстіндегі сайыстар күтіп тұрған еді. Әйтседе, «Теңге алу», «Аударыспақ» сынды ептілік сынға түсетін ұлттық ойындар оғандарымыздың оң жамбасынан келмеді. Олай дейтініміз, атқа отыруға икемі жоқ жігіттер теңге алуда тіпті ауып түсіп жатты. Теңгені жерден көтеріп алған сайыскерлеріміз бірен-саран ғана болды. Ал, «Аударыспақ» сайысында ат үстінен қарсыласын өңгеріп алуы тиіс ұландарымыздың көбі тек ұпай арқылы ғана ұтып



жармалық Балтабаев Досхан, ұландық Ғалымқал Манай көрер көзге тартымды ойын өрнегін тамашалата білді.

Бұдан соң кезек «Жамбы ату» ұлттық ойынына берілді. Өткен-айы сол, бұл кезеңде де жігіттеріміздің мергендігінен мін табылып жатты. Жарыс мұнан соң бір тасын көтеру, қол күресі мен қазақ күрестерімен жалғанды. Білек күштері мығым жігіттер екі қолдарымен бір тасын бастан асыра көтеріп, күш атасын танытпай жатты. Белдесу кезеңінде қарсыласын боз кілем үстінде ойсырата жеңген балуандар көрерменнің ыстық ықыласына ие болды.

Осылайша күннің суығына қарамастан ашық аспан астында өткен ұлттық ойындар бәсекесі Мәдениет үйінде «Өнер сайысымен» жалғасын



тапты. «Мен, мен едім, мен едім» атты жігіттердің өзін-өзі таныстыруында әрбір сайыскерлер өздерін әр қилы таныстырып жатты. Бірі әнмен, бірі қара өлеңмен төгілсе, енді бірі қара сөзге ерік берді. Әйтседе, тиянақты дайындық жағы аздау болғандығы байқалып қалды.

Келесі кезек «Өлеңге әркімнің ақ бар таласы» атты өнер сайысында серілерге әуезді ән орындау, жеке немесе жұппен би билеу шарт болатын. Патриоттық әндер мен «қара жорғадан» бастап түрлі ұлттың билерін жұппен орындаған сайыскерлер сахна төрін гүлдендіріп жібергені анық.


Жігіттер соңынан «Таң қалдыру» бөлімінде ерекше өнерлерімен көрерменін, қырағы қазылар алқасын таң тамаша етті. Әсіресе, біздің ауданның жігіттері қара күш иелері екендіктерін айқын дәлелдеп жатты. Архаттық Әділхан Әділжан сыйымдылығы 40 литрлік бір фляг суды басынан асыра көтерсе, қасқабулақтық Қасымов Темірлан жалаңаш кеудесіне пышақ қадап, бес кірпішті үстіне қойып қақ жарғызғанда батырлығына тәнті болмаған көрермен қалмады. Толағай күшті танытқан жігіттер мұнымен шектелмеді. Қарауылдық Жармұханбетов Еркебұлан тісімен қос бірдей бір тасын көтерсе, жармалық Балтабеков Досхан жеңіл автокөлікті тісімен сүйретіп, кешегі Қажымұқан аталарының ерлігін қайталады. Ал көкбайлық Советқадыр Ансаған мен Тоқтамыстық Ахмет Досжан, құндыздылық Мырзағазин Қайрат, саржалдық Жаксылықов Ерасыл да 50 кг тасты

кеудесіне қойып үгітіп, темірді алақанымен майыстырып, тақтайға шегені жалаң қолымен қадап тігінен тұрған темір тістердің, сынған әйнектің үстіне жатып, үстіне енгезердей жігітті тұрғызып, өрілген жіпті қолымен үзіп, сынған әйнекке табандап, арқалап жатып үстіне шығарған жігітті міз бақтастан көтерген жігіттер өнеріне жиылған жұрт «бәрекелді» десті. «Тас шайнап, құм түкірген» деген осы болар, сірә!

Ал, ауданның нар жігіттері алып күш иелері екендіктерін дәлелдеп жатса, өзге аудан сайыскерлері таң қалдыру бөлімін өзінше ұсынып жатты. Мәселен, Ғалымқал Манай Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңін мәнерлеп оқи отыра бүркіт құсымен көз алдымызға сол кезді бейнелеп берсе, Ақмолдаев Нұрым Тәуелсіздікке дейінгі жылдарымызды «Т» рпімен түгендеп берді. Ал, аяғөздік Ибраев Саят жақсылық пен жамандықтың диалогын жеткізе орындап, ерекше әсер қалдырды.

Қазақтың «баталы құл арымас» дегеніндей, ерлеріміз бата айтудан да қарымта байқасты. Жастарымыз бата беру жағынан сәл осалдықтарын байқатып алды.

Осылайша күн ұзағына жалғасқан облыстық



жігіт сұлтаны байқауы төмамдалып, серілерімізді сан қырынан сарала, өнерлерін бағал, бағамдап ақылдаса келе әділ-қазылар алқасы қорытынды ұпайларын шығарды.

Сайыс нәтижесі бойынша жасы небәрі 19-да

ғана болса да ағаларымен иық тіресіп белдесіп, сайыстың қай түрінен болса да осалдығын танытпаған нағыз ержүрек ұлан саржалдық Жаксылықов Ерасыл I орынды жеңіп алды. Тақымына арғымақ атты еншілеп қайтқан жас өрен осылайша облыстық «Жігіт сұлтаны - 2016» атағының иегері атанды. Ал II-орынды Жарма ауданынан келген Балтабаев Досхан жеңіп алса, III орынды аяғөздік сайыскер Ибраев Саят иеленді. Қалған қатысушылар арнайы аталымдармен марапатталды. Атап айтсақ, «Сегіз қырлы, бір сырлы» аталымымен Советқадыров Ансаған (Көкбай ауылы), «Бүгінгі күннің батыры» номинациясымен Мырзағазин Қайрат (Құндызды ауылы), «Дарынды жігіт» аталымымен Ахмет Досжан (Тоқтамыс ауылы), «Шешен жігіт» номинациясымен Ғалымқал Манай (Ұлан ауданы), «Шымыр жігіт» аталымы бойынша Әділхан Әділжан (Архат ауылы),

«Алғыр жігіт» номинациясымен Жармұханбетов Еркебұлан (Қарауыл ауылы), «Тәуелсіз ел тарланы» атағымен Қасымов Темірлан (Қасқабулақ ауылы), «Парасатты жігіт» номинациясы бойынша Ақмолдаев Нұрым (Күршім ауданы) марапатталды. Ал жігіт сұлтанын тамашалаған қалың



көрермен қайталанбас әдемі әсермен тарасты.

Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Ертеңгілік

АЛТЫН КҮЗ
МЕРЕКЕСІНДЕ

Жуырда
аудандық
камту және

Абай
жұмыспен
әлеуметтік

тамған қыздарымыз үйден жасап әкелген са-
латтарын ортаға қойып, әзірлену жолын ай-
тып көрерменді қызықтыра түсті.



бағдарламалар бөлімі

«Үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімі» мүмкіндігі шектеулі балалардың арасында «Берекелі Алтын күз!» атты ертеңгілік ұйымдастырды.

Аталмыш шара барысында жүргізушілер балаларға күз мезгілі туралы толықтай мағлұмат берді. Бұл ретте ертеңгіліктің танымдық мәні зор болғаны анық.

Сонымен қатар, тартым әрі қызықты ұйымдастырылған ертеңгілікте мүмкіндігі шектеулі балалар өз өнерлерін ортаға салды. Атап айтсақ Байжанова Меруерт, Оразғалиева Балнұр, Слямжанова Елдана, Турғанов Рамазан, Бейсенғалиев Нұрсұлтан, Ержапбаев Асыл өзері жаттап келген алтын күз туралы тақпақтарын айтты.

Ертеңгілік одан әрі сұрақ-жауап алмасумен ұласты. Сондай-ақ, «Пантомимо» (жеміс немесе көкөніс жүді мимика арқылы көрсету) ойыны бойынша балалардың тақырлығы сыналды. Бір бұл емес, мерекелік кешке жиналған ата-аналар еңбек туралы мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, балаларға толық мәлімет беріп отырды.

Орталықтың қызмет алушылары күзге байланысты суреттерін салып, салынған көріністердің мағынасын түсіндіріп берді.

Әлбетте, ертеңгілік ән-жырмен де әрленді. Осы орайда Слямжанова Елдана «Ақку арман» әнін орындап, көпшіліктің қошеметіне ие болды. Мұнымен қоса, қолынан бал

Ертеңгілікте балалар жұмбақ шешу бойынша да өз білімдерін көрсете біліп, кішігірім сыйлықтарға ие болды.

Сонымен қоса, қызмет алушылар «Өңгімелей білесің бе»? «Күзгі орманға бару қандай жақсы» тақырыбында өз ойларымен, сезімдерімен бөлісті.

Ертеңгілік соңында «Егемен Қазақстан» әнің орындаған Слямжанова Елдана көрермен ілтипатына бөленді. Мерекелік кеш соңында «Үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімінің» меңгерушісі В. Қалдыбайқызы барша балалар мен олардың ата-аналарын «Алтын күз» мерекесімен құттықтап, ризашылығын білдірді.

«Берекелі де жомарт күздің сыйы әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын, еліміз аман, заманымыз тыныш болсын! Келесі күзге аман-есен жетейік», - деп тілек білдірген кешке қатысушылар естелік суретке түсті. Сондай-ақ, ертеңгілікке белсене қатысқан қызмет алушы балалардың барлығы марапатқа көңелді.

Осыдан соң барлық қатысушылар арнайы жайылған дастархан басында күздің молшылығынан дәм татты.

Нұргүл МЫРЗАХМЕТОВА,

«Үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімінің» маманы.

ЖАҚСЫ КӨҢІЛ – ЖАН САУЛЫҒЫ



Еліміздің негізгі құжаты – Ата Заңымызда: «Еліміздің басты байлығы – адам және оның денсаулығы»- деп атап көрсетілген. Ал адам денсаулығына жағымды әсер ететін басқы жағдайлар қатарына оның психикалық, яғни ішкі жан дүниесінің, көңіл-күйінің тұрақтылығын жатқызуымызға болады. С.Бекбосынов атындағы орта мектебінде 10 қазан – дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай «Жақсы көңіл – жан саулығы» деген тақырыпта оқушылардың бойында жақсы мінез, жағымды атмосфера және көтеріңкі көңіл- күй қалыптастыру мақсатында арнайы жұмыс жоспары жасалынып, тиісті шаралар атқарылды.

Алғашқы апта күні таңертең мектеп ғимаратына келген оқушылар түрлі бояу реңктерімен әсем безендірілген ерекше әлемге тап болғандай сезімде болды. Себебі безендіру барысында тек әсемдікке ғана емес, «Керекті кеңес», «Даналық кітабы», «Сіз бен біз білуге тиісті ереже», сынды ой мен сананы реттеуге бағытталған жадынама-лар мен ұсыныстар, кеңестер мен түсініктер қойылып, әр адам танысуға, психологиялық қолдау алуға мүмкіндік алды.

Алғашқы сағат қоңырауынан бастап, аталған дүниежүзілік денсаулық күні туралы Төлеуғазиев Елжан мен Қайроллаева Индира толыққанды мәліметті презентациялап, барлық оқушы мен педагогикалық ұжымға таныстырды. Әсіресе 1992 жылдан бастап ДДСҰ тарапынан белгіленген мерекенің тарихына, адам денсаулығына көңіл -күйдің әсері туралы мәліметтер жан -жақты ұсынылды. Осыдан соң барлық бастауыш сынып оқушылары «Буги-буги» әуенімен флэш моб көрсетті. Келесі үзілісте 5-11 сынып оқушылары ұлттық нақышта «Қара жорға» биін сынып жетекшілерімен бірлесе орындады. Аталған би көрсетілімдері барысында ерек-

ше көзге түскен 8 сынып / сынып жетекшісі: Елубаева Г.А./ болды. Осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында тәлімгер Төлепқазықызы Қ. әріптестің еңбегін атап өткен абзал. Жекелеме бұйындар бойынша «Менің отбасым», «Сүйікті мектебім», «Бақыт формуласы» тақырыптары бойынша шығарылған қабырға газеттерінде заман талабына сай үштілділік позициясы талап етілді. Яғни газеттерде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқушылар ойы сарапталды. Осы конкурс бойынша I орын - 6 сыныпқа, сынып жетекшісі Мусатова А.Е II орын -7 сыныпқа, сынып жетекшісі Абишева Ж.Қ ал бастауыш бойынша ең үздік деп танылған -3 сынып, сынып жетекшісі Тілеухан Г.Б болды. Аталған шараны сараптау кезінде орыс, ағылшын тілі мамандарынан құрылған қазылар алқасы сауаттылықпен қатар эстетикалық талғамды да есепке алды. Бастауыш сыныптар бойынша өткен сурет байқауында I орынды Жанат Несіпбаева, II орынды Берікқазы Е. иеленді.

Түстен кейінгі уақытта тәжірибелі ұстаз Берікбол С.Қ. басшылығымен «Көңілді старт» сайысы спорт залда ұйымдастырылды. Осы орайда үлкен шығармашылықпен жұмыс жасай білген әріптесіміздің ұйымдастырған жарысына оқушылар белсенділігі мен қызығушылығы өте жоғары болғанын атап өткен жөн. Біресе шаңғымен, біресе доппен, енді бірде қаппен жарысқан оқушылар арасында Түсіпов Тайыр бастаған «Қайрат» тобы жеңіске жетті. Барлық жеңімпаз оқушылар арнайы сыйлықтар және мадақтамалармен марапатталды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті»-деп «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жариялау барысында атап көрсеткен болатын. Ал сол ұрпақ бүгінгі мектеп қабырғасында отырған оқушылар екені даусыз. Осы тұрғыда ел болашағын ойлайтын әрқайсымыз үшін осындай шаралардың берері мол деп ойлаймын.

Айман ҚАБДИҚЫЗЫ.
С.Бекбосынов атындағы орта мектебінің педагог-психолог маманы.

Көрме беташарында

КӨРМЕДЕ - АУДАН ДАМУЫНА
ҮЛЕС ҚОСҚАНДАР

Ағымдағы жылдың ең атаулы мейрамы, Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай елінде айрықша шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Әсіресе, өскелең буын үшін тағылымдық, танымдық маңызда бірқатар жұмыстар қолға алынған болатын. Мәселен, қыркүйек айының 30 жұлдызында Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейінің Қарауыл ауылындағы филиалында «Тәуелсіздік жылдарында» атты көрменің ашылуы ұйымдастырылды.

Тұсаукесер рәсімде Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, «Абай ауданының құрметті азаматы», Ыбырай Алтынсарин атындағы төс белгі иегері, ақын Төлеген Жанғалиев сөз алды. Ауданымыздың бас ақыны өз сөзінде көрмеде бейнеленген жерлестеріміздің Абай ауданының рухани-мәдени һәм әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына қосқан ерен еңбектерін атап өтті. Расында, ауыл ажары азаматымен ашылатыны белгілі.

Сонымен қатар, беташар рәсім барысында сөз кезектерін ауданымыздағы қоғамдық кеңестің төрағасы Т.Аманғазы, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің орынбасары Е.Оразалин, КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің, «Қазақстанның еңбегі сіңген мемлекеттік қызметкері» орденінің иегері С.Махметовтер алып, аталмыш шараның игілігін сөз ете келе, өз ыстық лебіздерін білдірді.

Осыдан соң музей қызметкері Какимов Біржан көрмені келген қонақтарға таныстырып, толыққанды мәлімет берді. Аталмыш көрмеде егемендік жылдарындағы Абай елі, ауданға еңбек сіңірген азаматтар т.б. жайлы тұшымды мағлұматтар ел назарына ұсынылыпты. Бұл ретте есімдерін ерекшелеп атап өтер абайлықтар қатары мол екен. Атап айтсақ, «Құрмет белгісі» орденін алған алғашқы ұстаз Лаура Орынғожина, Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері Әсия Нұрғалиева, есімі облысқа танымал кәсіпкер Ардақ Белібаев, АЭС – компаниясының үздік энергетигі Дүйсенғали Кутубаев, тігінші Жанат Несіпбаева, облыс әкімінің жұлдісін иеленген «Абай елі» газетінің журналисі, жауапты хатшысы Анар Сәрсенбина, Архат ауылындағы клуб меңгерушісі Армангүл Имашева, спорт мектебінің мұғалімі Құсембай Назым т.б. сынды жандардың фотосуреттері көрме тамашалаушыларының назарына құрметпен ұсынылды.

Ал басқосу соңында Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейінің Абай ауданы Қарауыл ауылындағы филиалының меңгерушісі Жүнісжанов Малғаждар сөз сөйлеп, Абай елінің Тәуелсіздік жылнамасы іспетті осынау ерекше бастаманың жас буынды отансүйгіштікке, туған жерді аялауға баулуда берері мол екендігін айтып өтті.

Жалпы, осынау көрме келушілерге ерекше әсер сыйлады. Жаңа экспозициядан мол мағлұматтар алған қонақтар ыстық лебіздерін де білдіріп жатты.

Осы орайда «Елінің ұлы болсан, Еліне жаның ашыса, азаматтық намысын болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!» деген Н. Назарбаевтың өнегелі сөзі ойға оралады.

Аталмыш көрмеде фотосуретім орын алған абайлықтар қатарында өз ой-лебізімізді де білдіре кетсем деймін.

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кен өлкемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан тамырымыздың лүпіл - бүлкіліндей естіледі бізге. Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу күштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл

лебізі. Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

Талай - талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай

арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеніңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата - бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлауда. Қазақстан, егемен мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды. Тәуелсіздік деген қастерлі сөз екен - ау! Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар - ұжданы азаттықты тілейді екен. Сол халқым өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келсе, несі айып? Ақыры бұғау біткенге сыймай, шілер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді.

Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгеі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. Мен Отанымды, туған елімді шексіз сүйемін. Мұқағали ақын айтқандай, Отан-біздің бақытымыз. Елімізді әрі қарай көркейтетін, туған елге еңбек сіңіретін мына біз боламыз! Журналистік саланы таңдағанымға еш өкінбеймін. Жастайымнан қолыма қалам алып, мектептің тыныс-тіршілігінен бастаған мен, келе-келе аудан ахуалы жайлы да қалам тербелді. Менің ойымша, журналист халыққа жақын болғандықтан, ең бастысы журналистік этиканы ұстана отырып ойын ашып айта алатын сауатты да білімді, жан-жақты болуы керек. Жақсылықты жаңалықтың жаршысы, ілкімді істердің хабаршысы болып, жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойыма сіңіріп жүргенім туған елім үшін деп білемін. Биылғы жылы журналистер арасындағы байқауға қатысып, нәтижесінде журналистер мерекесі қарсаңында «Өңірдің және елдің тірегі» номинациясы бойынша өңір журналистикасын дамытуға қосқан үлесім үшін облыс әкімінің арнайы Дипломымен марапатталып жатқаным да ұлылардың ізі қалған ұлы мекеніме қосқан үлесім деп есептеймін.

Иә, әлі де тындырар іс көп. Бұл ретте туған еліме кәсіби журналист ретінде сіңірген еңбегімді еселей түссем деймін. Атап айтсам, менің пікірімше аудан бойынша жалғыз ақпарат көзі азық ететін сынайлы. Алдағы уақытта ұлылар елі деген атқа сай саналы ұрпаққа арналған, көркем безендірілген, ішкі мазмұны бай журнал апсам деген ізгі арманым бар. Олай болса, еліміздің келешегі – бүгінгі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз және саналы ұрпақ екендігі хақ!


Анар СӘРСЕНБИНА,
«Абай елі» газетінің жауапты хатшысы

ЖАРИЯ ЕТУГЕ ЖАТАДЫ:


- × 1) ақша;
- × 2) бағалы қағаздар;
- × 3) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі (бұдан әрі - қатысу үлесі);
- × 4) оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға ресімделген жылжымайтын мүлік (ғарыш объектілерінен және магистральдық құбырлардың желілік бөлігінен басқа);
- × 5) құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);
- × 6) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

Анықтама үшін: Осы Заңның күші 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін өздеріне тиесілі болған және өздері алған мүлікті жария ететін және жария еткен жария ету субъектілеріне қолданылады


Жария ету субъектісі:



Порядок проведения легализации незарегистрированного имущества Акиматами



КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ



ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...



Көкбай ауылының тұрғыны, Семей қаласының тұрғыны болған аяулы ана **Мұқатаева Қалиланың** арам-ызын кеткеніне 40 күн толды. Жанұямыздың жанашыры, ұйытқысы болған жан анамызды сағынышпен еске аламыз. Бүгінгі мен ертеңгіні ырыс кып, Біз өмірді түсінуге тырыстық.

Аялаған аспандағы күннен де, Аналардың алақаны ып-ыстық.

Оралмайды өткен күннің көктемі, Қырық күн болды сіз де бізден кеткелі. Тілегіңіз болушы еді әрқашан, Ұрпағынның өсіп-өніп, жеткені.

Шұғыладай таң шапағын таратқан, Жылы сөзің жүректерді оятқан. Иманыңыз жолдас болып, анашым, Жәннат төрін нәсіп етсін Жаратқан.

Сағынып еске алушылар: балалары, туыстары **Марқұмның 40 күндік асы қазан айының 22-сі күні «Кен-Сарай» мейрамханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдас, ауылдастарды шақырамыз.**



Құндызды ауылының тұрғыны болған, аяулы ана, асыл әже **Әлімбекова Жәміш Бәкірқызының** арам-ызын кеткеніне де 1 жылдың жүзі болды. Отбасымыздың ұйытқысы, шаңырағымыздың берекесі болған анамызды сағынып еске аламыз.

Анажан шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.

Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда Сағындық ана, сізді баршаңыз да.

Жан-ана, ұл-қызынның тірегі едің. Тірі болсан жарқылдап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда. Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы Сағынышпен туғандары еске алады. Өзіңізбен өткен күндер Жадымызда мәңгіге сақталады.

Сағынып еске алушы: балалары, немерелері **Марқұмның 1 жылдық асы қазан айының 22-сі күні Құндызды ауылындағы «Адина» тойханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаранды шақырамыз.**



Қарауыл ауылының тұрғыны болған аяулы ана **Галиева Гулбаршын Дауылбайқызының** өмірден озғанына 1 жылдың жүзі болды. Асыл бейнеңді сағынышпен еске аламыз. Жарты ғалам, жарым ырыс, жарты күз. Сіз кеткелі қалғандай ма тартынып...

Сізге деген сағынышым бүр жарды, Ойран-топан көп ойлардан артылып.

Таң алдымда тұрған менен күнде атып, Алған сынды аппақ нұрын ұрлатып. Сіз туралы естелікті ойға алып, Отырғанның өзі бүгін бір бақыт.

Сәуле болып асыл шапақ таратқан, Жарық болып елді өзіне қаратқан. Жарқырап ақ бұл өмірден өттіңіз, Жәннат нұрын нәсіп етсін, Жаратқан.

Сағынып еске алушы: балалары **Марқұмның 1 жылдық асы қазан айының 29-ы күні «Атамекен» тойханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көршілерді шақырамыз.**



Тоқтамыс ауылының тұрғыны болған, аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті ақ әжесі **Садырбай Құлпаш Сманқызының** өмірден өткеніне 40 күн болды. Армандап ең сексенге бір келсем деп, Немереден бір шөбере көрсем деп.

Сүт кенжеме бір той жасап берсем деп, Арманым жоқ одан кейін өлсем деп.

Өткен бәрі арман болып қалғаны-ай, Жалт-жулт еткен дүниенің жалғаны-ай. Ойсыратып ортамыздан анамызды, Қапияда тосыннан кеп алғаны-ай.

Жатқан жерің жәннаттың төрі болсын, Ұрпағына бақ дарып, Қыдыр қонсын. Алладан тілеріміз ата-анамыздың, Жатқан жері мамық та жайлы болсын.

Еске алушылар: Балалары, немерелері. **Марқұм анамыздың 40 күндік асы қазан айының 21-і күні Тоқтамыс ауылының «Берік» тойханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас-ауылдастарын, көршілерді шақырамыз.**



Көкбай ауылының тұрғыны болған аяулы туған жалғыз ағамыз, марқұм **Әсет Әзімбайұлының** өмірден өткеніне 10 жыл болды.

Өмірден озғанына киналамыз, Асыл Әле, сағынып еске аламыз. Өмірден өткен кезде қоштаса алмай, Фөниге сізді қалай қия аламыз.

Момын едің ешкімге залалын жоқ, Көңілін ешкімнің де қалдырмаған Ұрпақ үшін жан аямай еңбек еттің, Ұрпағына жасаған парызым деп.

Сағынып барғанда өзіңізді, Көремін жүзіңізден мен бір мұңды, Жүрегіңіз сол ойдан сыр бердіме, Өрдейім ойлап бізді күндіз-түні.

Қабіріңіз нұрға толып жарқырасын, Жәннаттын төрінен орын болсын, Дұға қылып, біз сізге бағыштасак, Бір Алла, сол дұғаны қабыл қылсын.

Сағынып еске алушы: Бекен-Еркеш, Майя және жиендеріңіз

ЖОҒАЛДЫ

1992 жылы С.Бекбосынов атындағы орта мектебін бітірген Амангелдіұлы Құсманнның атына берілген А №114153 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Асқа шақырамыз!

Марқұм болған **ата-бабаларымыздың** рухтарына арналған құран-қатым, қазан айының 20-сы күні Тоқтамыс ауылындағы «Берік» тойханасында сағат 13.00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарды шақырамыз **Сағынып еске алушылар:** Орынғалиевтар әулеті

Көңіл айтамыз!

Абай ауданының орталық емхана ұжымы осы мекеменің қызметкері Рахымжанов Нұрғазының аяулы анасы **Оразбекова Мәрияның** өмірден өтуіне байланысты отбасына туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Замандас келбеті

ҮЛКЕН ӘҮЛЕТТІҢ
ҮЛГІ ТҰТАРЫ

қаңтар айында аудандық партия комитеті Серікқали Дүйсенбековті Жанғазы Молдағалиев атындағы совхозға директор етіп тағайындады. Осылайша, кейіпкеріміз 1980 жылдың қыркүйек айына дейінгі аралықта жаңадан құрылған совхозға басқа жақтан жұмысшы күшін тартып, (тракторист, автокөлік жүргізушісі, шопан, бақташы тағы басқа) оларды баспанамен, тахникамен камтуда тынымсыз жұмыс жасады. Тұрғылықты халқы жоқ, тыннан ұйымдастырылған сов-хозда тұрғын үй, мал баздарын салу, оған қажетті материалдарды табу, жұмысшылар күшін тауып, құрылысшы бригадаларын ұйымдастыру, мал азығын дайындау тағы басқа да шаруашылық жұмыстары қатқабат қауырт науқандар уақытында демалуға мүмкіндігі болмады. Ел игілігі жолында демалысыз еңбек етті. Соның барлығы денсаулығына кері әсер етіп, үнемі дәрігерлік бақылауда тұрды. Сөйтіп, бұл жұмыстан өз еркімен босап, 1981-ші жылдың қыркүйек айында директорлық қызметті басқа адамға тапсырып, өзге жұмысқа ауысты.

Ол күндер бүгінде естелікке айналды. Кешегі күннен сыр шертсек, өмір соқпағында тағдыр тоғыстырған сан түрлі есімдер бар. Солардың қатарында бүгінде сексеннің сенгіріне шыққалы отырған, «Алтын той» иесі, замандасымыз Серікқали (Бошан) Дүйсенбекұлын ерекше атар едік. Дәуіріміз бір, арман жолында да бірге қанаттасып қатар келе жатқан Секен туралы айтылар жайт көп. Сырлас дос туралы ұзағынан толғап өңгімелеуге болады. Дегенмен, ескірмейтін естеліктер қатарында Серікқалидың өмір жолы, еңбектегі жетістіктері өз алдына бір пара өңгіме.

Серікқали Дүйсенбекұлы 1937 жылы бұрынғы Шыңғыстау ауданының «Сарыкөл» ауылында дүниеге келген болатын. Бастауыш мектепті сол елді мекенде оқыды. Ал 1950-1951 оқу жылында Абай атындағы орта мектептің 5-ші сыныбына ауысып келді. Мән Серікқалиды сол жылдан бастап білемін және бүгінгі күнге дейін жұбымыз жазылған емес.

«Жастық шақта көңіл гүл» деген рас. Ол күндерді бүгінде сағыныппен еске аламыз. Біз ұлы-қызы бар 106 бала төрт сынып болып 1956 жылы оныншыны бітірдік. Осы мезеттен бастап өркімнің арман жолы басталды. Көпшілігі жоғарғы және арнаулы орта оқу орнына оқуға кетіп, қалғандары әр салада жұмысқа орналасты. Ал Серікқали сол кезде іріленген Абай атындағы колхозда, 1956 жылдың шілдесінен 1958 жылдың мамыр айына дейін өртүрлі жұмыстарды атқарды. Секеннің албырт жігіттік шағы әлі күнге дейін көз алдымда. Досқа адал, көркем мінезге бай, аңқылдақ азамат қандай шаруа болмасын ірікімстен атқара беретін еді. Сөйтіп, 1958 жылдың мамыр айынан 1961 жылдың шілде айына дейін кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын атқарды. Тек осыдан кейін ғана, яғни, 1961 жылы Семейдің Зоотехникалық-малдәрігерлік институтының малдәрігерін даярлау факультетіне оқуға түсіп, 1966 жылдың мамыр айында малдәрігері мамандығын алып шықты. Ауылды жерде еңбекке араласып, әскердің темірдей тәртібіне шыңдалған Серікқали бұл шақта кемеліне жетіп, толысқан болатын. Тек қызметке кірісіп, өндіріп еңбек ету ғана тұрған-ды.

Осылайша, малдәрігері ретіндегі алғашқы еңбек жолын 1966 жылы Абай атындағы совхоздың №1-ші фермасында ауру малдарды емдеу-сауықтыру пунктін (ЛСП) аға малдәрігері болып бастады. Келген сәттен бастап өзін жақсы қырынан көрсете алды. Осы пунктте атқарған нәтижелі жұмысы сол кездегі аудан айнасы «Совхоз туы» газетіне үнемі жарияланып, насихатталды. Осында жұмыс жасай жүріп, алған білімін іс жүзінде жетілдірді, үлкен нәтижелерге қол жеткізді.

Адал еңбек алға жетелейді. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы Серікқали Дүйсенбековті өнімді еңбегі үшін жоғары бағалап, 1969 жылдың қараша айында «Қызыл Ту» совхозына бас мал дәрігері қызметіне тағайындады. Бұл совхозда Секен 1977 жылдың мамыр айына дейін табан аудармай қызмет атқарды. Осы уақыт аралығында ол малшы қауыммен тіл табыса біліп, малдәрігерлік шараларды уақытында жүргізіп (егу, емдеу, аурудың алдын алу, тағы басқа) мал шаруашылығындағы қомақты шығынды мейлінше азайтты.

Сонымен қатар, тек малдәрігерлік жұмыстарға ғана емес, шаруашылықтағы ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласып, аудан экономикасының өрлеуіне үлес қоса білді. Сол жылдары мал тұқымын асылдандыру, жазғы жайылымды тиімді пайдаланып, өнімнің өзіндік құнын арзандату, мал табындау, қой қырку шараларында жетістіктерге жетіп жүрді.

